



Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу салтымыз,
Оқып-біліп жатырмыз.
Келген қонақ сіздерге,
Сәлем бердік жалпымыз.



Үй тапсырмасын тексеру

- “Жусан” өлеңді мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап дайындап келу.
Жусан қандай шөп?
Ол қайда өседі?
- 227-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөзді жаз.

*Менің елім-Қазақстан. Елімнің бас қаласы-
Астана.*

Елімнің бас қаласы-Астана



Жусан.

Басылып бір жол шаңы,
Желк-желк етіп жусаны.
Жаңбырдан соң жайқалып,
Жатады қыр бусанып.
Көкжиекте созылар,
Жусанның көк, бозы бар...
Домаланып семірер
Оны жеген қозылар.
Алакөлде, Аралда,
Арқада һәм Оралда
Жаздыгүні құм тұсап,
Қар тоқтатар боранда.



Жусан - көпжылдық шөптесін өсімдік.
Оның құрамында қоректік заттар мол.
Ол-мал азығы.Жусаннан дәрі жасалады.

“Жусанда туған жердің иісі бар”.



Жаңа сабақ



Жайлауда.

Жаздың қақ ортасын **Қанжайлау** деп атайды. Бұл қызықты мезгіл де тез өтешығады. Шөптің шалғыны басылады, сарғыштанып сүрлеу тартады. Бұл мезгілді **Сарыжайлау** дейді. Әр жерде-ақжұртқа белгілі атақты жайлаулар бар. Олар: **Қарқара, Шалкөде, Сырт, Шұбартал, Асы**, тағы басқалар. Қарқара жайлауы Ұлы Жібек жолының үстінде болғандықтан осы жерде ертеде халықаралық **жәрмеңке** өтіп тұрған. Бұл күнде де **малшылар тойы** өтеді. Балалар **әсем гүлдер теріп, көбелек қуып, суға шомылады**. Таулы жайлауда **қарақат, таңқурай, долана, қойбүлдірген** тәрізді жеміс-жидектер көп.

Нұрқасым Қазыбеков.

Қандай жайлаулар бар?

Адамдар жайлауда қандай іс істейді?

Таулы жайлауда қандай жемістер өседі?


Сәуірдің он тоғызы.

Сынып жұмысы.

Д Д

д д

Досбол доп дәрігер домбыра



229-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Жер, су аттарын ата.

Сәуле Астанада тұрады. Ол демалыста Алматыға барды. Алматының әсем көшелері өте ұнады. Абай, Абылайхан, Әл-Фараби даңғылдарын тамашалады. Ағасымен Медеу мұзайдынына барды.

Сергіту сәті.

Бір, екі, үш-

Бойға жинап күш.

Жайлауға біз барайық,

Малды бағып қайтайық.



230-жаттығу. Жұмбақтағы ел атауларын тап.

Аралайық әлемді,
Берем дерек, дәлелді.
Табыңдаршы өздерің
Жұмбақтадым қай елді?

Айтыңдаршы ал енді,
Тундрасы бар елді.

Р				Й
---	--	--	--	---

Мұнараны ең алып,
Алған қайсы ел салып.

Ф						
---	--	--	--	--	--	--

Базары көп, тола адам,
Ала тақия, ала шапан.

Ө							
---	--	--	--	--	--	--	--

Айтыңдаршы, ал енді,
Шай мен пілі бар елді.

Ү						Н
---	--	--	--	--	--	---



Сабақты бекіту.

Қандай жайлаулар бар?

Адамдар жайлауда қандай іс істейді?

Таулы жайлауда қандай жемістер өседі?

Үйге тапсырма:

141 бет, “Жайлауда” мәтінді түсініп оқу.

Ережелерді қайталау.

